



Еуропадағы экстремизм: жаңа сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлер



БҮГІНГІ ТАҢДА ТЕРРОРИЗМ ЖӘНЕ ЭКСТРЕМИЗМ ҚАУІПІ БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ БАСТЫ НАЗАРЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ОТЫР.

2020 ЖЫЛЫ ЕУРОПАЛЫҚ ЕЛДЕР КЕЗЕКТІ РЕТ ТЕРРОРИСТІК ШАБУЫЛДАРҒА ҰШЫРАДЫ.

Экономика және бейбітшілік институтының (IEP) зерттеулеріне сәйкес, Еуропа елдерінде терактілермен байланысты өлім-жітім деңгейі ең жоғары. Бұл ретте, соңғы бес жыл ішінде экстремистік саяси терроризм қауіпі 250%-ға өсті. Ең қиын жағдай Германияда орын алып отыр, бұған соңғы кездердегі оқиғалар – Ханаудағы (9 адам қаза тапты), Галладағы (2 адам қаза тапты) терактілер, сондай-ақ Кассельде неміс саясаткері В.Любкенің өлімі айқын мысал болып табылады.

Еуропалық элита үшін бұрын террористік шабуылдарға ұшырамаған Вена қаласындағы трагедия қауіптің алғашқы белгілерінің бірі болды. Осыған байланысты саясаткерлер мен сарапшылар арасында анағұрлым қатал қауіпсіздік шараларын қабылдау қажеттілігі туралы пікірталастар қайта жанданды.

Сарапшылардың пікірінше, ЕО-да терроризммен күресудің ағымдағы әдістері бұдан әрі қарай тиімсіз болып қана қоймай, сонымен бірге шиеленісудің жаңа ошақтарын қалыптастыруы мүмкін, және сол арқылы **Батыстың ислам әлемімен өзара текетіресін күшейтуі мүмкін.**


ЕО әрекеті және экстремизммен күресті күшейту

2020 жылдың соңында саяси күн тәртібінің алдыңғы қатарына шыққан экстремизм тақырыбының кейінге қалдырылуы Еуропаға кезекті рет соққы берген теріс құбылыс болды.

Түрлі бағалаулар бойынша Еуропада ауқымды желісі бар, жақсы қаруланған және қаржылық жағынан тұрақты исламистік бағыттағы мыңнан астам түрлі террористік ұяшықтар бар. Олардың қауіп-қатер деңгейі Германияның Бас прокуратурасының мәліметтерімен расталды, ресми орган 2020 жылдың қорытындысы бойынша терроризмге байланысты 320 жаңа іс қозғаған.

Оған қоса, ГФР арнайы қызметтерінің 2020 жылғы деректеріне сәйкес «елде радикалдар тарапынан 620 жуық қауіп төнді». Германия арнайы қызметтерінің 2020 жылғы сәуірде «Ислам мемлекеті» халықаралық террорлық ұйымының құрамына кіретін және ГФР аумағында теракті жоспарлаған бір топ тұлғалардың ұстауын ашылған істің мысалы ретінде келтіруге болады.

ЕО терроризм актілері



*сәтті және сәтсіз шабуылдарды қоса алғанда

(1-сур. Еурополдың 2014-2019 ж. статистикалық деректері)

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ЕҢ ҮЛКЕН РЕЗОНАНС ТУҒЫЗҒАН, ЕУРОПАДАҒЫ ЭКСТРЕМИЗММЕН БАЙЛАНЫСТЫ ОҚИҒАЛАР ҚАЗАН-ҚАРАША АЙЛАРЫНДА БОЛДЫ.

- Париж қаласының маңындағы оқу орнында 2020 жылы 16 қазанда оқытушы Самюэль Патидің басы алынды.
- 29 қазанда Ницца орталығында Тунистен шыққан 21 жасар Брахим Ауссауи Нотр-Дам-де-Ницца шіркеуінің келушілеріне шабуылдады. Үш адам қаза тапты.
- Осы күні Авиньонде террорист полицияға пышақпен шабуылдауға тырысты, бірақ құқық қорғау органдары тарапынан атып өлтірілді. Тағы бір оқыс оқиға Лионда болды, мұнда қылмыскер трамвайға пышақпен кіруге ұмтылып, оны полиция уақытында қарусыздандырды.
- 2020 жылы 2 қарашада Австрияда трагедия орын алды. Синагога жанындағы алаңда белгісіз адамдар оқ жаудырды, одан кейін тағы да бес жерде оқ атылды. Бұл оқиға Австрияда бұған дейін террористік шабуылдар тіркелмегендігімен ерекшеленеді.

Терроризмге қарсы шаралар жоспары

2020 жылы желтоқсанда Еурокомиссия ЕО терроризмге қарсы жаңа жоспарын қабылдаған болатын, оған келесі тармақтар кіреді:

- Пайда болғаннан кейін бір сағат ішінде тиісті ақпаратты жою арқылы **интернеттегі экстремистік контентті шектеу**;
- одақ ішінде **қаржылық барлау** құру. Негізгі міндеттері: террористік топтардың, олардың демеушілері мен серіктестерінің байланыстарын қадағалау;
- **Еурополдың өкілеттіктерін күшейту**. Бұл шара құрылымға басқа елдерден қажетті тұлғалар туралы ақпаратты анағұрлым жедел алуға мүмкіндік береді;
- тығыз орналасқан қалалар мен қоғамдық орындарда қауіпсіздікті күшейту;
- **ЕО аумағына кіретін тұлғаларды** анағұрлым **мұқият тексеру**. Сондай-ақ, егер бұрын қауіпсіздік себептері бойынша оған тыйым салынған болса, адам одақтың кез келген басқа елінде атыс қаруын алып жүру құқығын ала алмайтын жүйені енгізу ұсынылады;
- **қоғамның радикалдануының алдын алу мақсатында азаматтардың білім, мәдениет, спорт** арқылы интеграциялануына және оларға мүмкіндіктер берілуін қолдау;



- терроризм бойынша айыпталған және бас бостандығынан айыру орындарындағы тұлғаларды оңалту және қайта интеграциялау;
- террористік актілерде зардап шеккен адамдарға көмек **көрсетуді күшейту**.

Қабылданатын шараларға қарамастан экстремизм қауіпі бүкіл Еуропа үшін өзекті тақырып болып отыр. Өткен жылғы оқиғалар **Еуроодақ соңғы терактілерден сабақ алғандығын және Шенген реформасы және ЕО Қауіпсіздік кеңесін құру бойынша айтылған шаралардың жақын арада іске асырылатындығын** көрсетуді тиіс.